

Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Интеграциялық комитетінің 46-шы отырысын және Кеден одағы комиссиясының 8-ші отырысын дайындау туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2009 жылғы 19 қыркүйектегі N 137-ө
Өкімі

2009 жылғы 24-26 қыркүйек кезеңінде Алматы қаласында өтетін Еуразиялық экономикалық қоғамдастық (бұдан әрі - ЕурАзЭҚ) Интеграциялық комитетінің 46-шы отырысын және Кеден одағы комиссиясының 8-ші отырысын дайындау мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған ЕурАзЭҚ Интеграциялық комитетінің 46-шы отырысын және Кеден одағы комиссиясының 8-ші отырысын дайындау жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының жоспары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі ЕурАзЭҚ Интеграциялық комитетінің 46-шы отырысын және Кеден одағы комиссиясының 8-ші отырысын дайындау жөніндегі жауапты орган болып айқындалсын.

3. Осы өкімнің іске асыруын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне жүктелсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 9 ж ы л ғ ы 1 9

қ ы р к ү й е к т е г і

N 1 3 7 - ө ө к і м і м е н

бекітілген

Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Интеграциялық комитетінің 46-шы отырысын және Кеден одағы комиссиясының 8-ші отырысын дайындау жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының жоспары

Р/с N	Іс-шараның атауы	Жауапты орындаушы	Қаржыландыру көздері	Орындалу мерзімі
1.	Бизнес-форум ұйымдастыру. Өткізілетін күні - 2009 жылғы 24 қыркүйек	ЕурАзЭҚ ИК-нің Хатшылығы	ЕурАзЭҚ бюджеті	2009 жылғы 18 қыркүйекке дейін
2.	ЕурАзЭҚ ИК-нің және Кеден одағы комиссиясының отырыстарына қатысушыларды әуежайда қарсы алу және шығарып салу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету	СІМ, ЕурАзЭҚ ИК-нің Хатшылығы, Алматы қаласының әкімдігі	2009 жылға арналған 006 " Өкілдік шығындар " республикалық бюджеттік бағдарламасы, ЕурАзЭҚ бюджеті	2009 жылғы 23-26 қыркүйек
3.			-	

	Қаржыландыру көлемі мен көздерін, қажетті қаражат сомаларын қарастыру және қажет болған кезде қаржыландыру көздері бойынша ұсыныстар енгізу	СІМ, ИСМ, Қаржымині, ЕурАзЭҚ ИК-нің Хатшылығы, ПІБ		2009 жылғы 21 қыркүйекке дейін
4.	ЕурАзЭҚ ИК-нің және Кеден одағы комиссиясының отырыстарына қатысатын тараптар делегациялары үшін қонақ үйді броньдау	ЕурАзЭҚ ИК-нің Хатшылығы, Қазақстан Республикасының ЕурАзЭҚ жанындағы тұрақты өкілі	-	2009 жылғы 18 қыркүйекке дейін
5.	Көліктік қамтамасыз ету: - өкілдік сыныптағы 5 автомобиль; - 8 шағын автобус	ПІБ, ЕурАзЭҚ ИК-нің Хатшылығы	2009 жылға арналған 006 "Өкілдік шығындар" республикалық бюджеттік бағдарламасы, ЕурАзЭҚ бюджеті	2009 жылғы 21 қыркүйекке дейін
6.	Сарапшылар кеңестерін өткізу үшін жұмыс үй-жайларымен (4 конференц-зал), ұйымдастыру техникасымен, көшіру-көбейту техникасымен, халықаралық, қалааралық телефон байланысымен, интернетпен және қағазбен қамтамасыз ету	Алматы қаласының әкімдігі	Алматы қаласының бюджеті	2009 жылғы 21 қыркүйекке дейін
7.	Сарапшылардың 2009 жылғы 24 қыркүйектегі кеңестері бағдарламасын дайындау	ЕурАзЭҚ ИК-нің Хатшылығы	-	2009 жылғы 21 қыркүйекке дейін
8.	ЕурАзЭҚ ИК-нің және Кеден одағы комиссиясының отырыстарын өткізу үшін үй-жайлармен қамтамасыз ету	ЕурАзЭҚ ИК-нің Хатшылығы	2009 жылға арналған 006 "Өкілдік шығындар" республикалық бюджеттік бағдарламасы	2009 жылғы 23 қыркүйекке дейін
9.	Үкімет басшылары орынбасарларының арнайы ұшақтарының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуін, Алматы қаласының әуежайына қонуы мен одан ұшып шығуын қамтамасыз ету	ККМ, Қорғанысмині	-	2009 жылғы 24-26 қыркүйек
10.	Отырыстарды бұқаралық ақпарат құралдарында жария ету және ЕурАзЭҚ ИК және Кеден одағы комиссиясы отырыстарының қорытындылары бойынша баспасөз конференцияларын ұйымдастыру	МАМ, ПМК-нің Баспасөз қызметі	-	2009 жылғы 25 қыркүйек
11.	Ресми қабылдау кезінде концерттік бағдарлама ұйымдастыру. Өткізілетін күні - 2009 жылғы 25 қыркүйек	МАМ, Алматы қаласының әкімдігі	Алматы қаласының бюджеті	2009 жылғы 18 қыркүйекке дейін
12.	Тараптар делегациялары мүшелерінің әуежайдағы, тұратын және болатын орындардағы, сондай-ақ жүретін бағыттары бойынша қауіпсіздігін қамтамасыз ету	ПІМ, ҰҚК	-	2009 жылғы 24-26 қыркүйек
13.	Делегациялар басшыларына жұмыс түскі асын және сарапшылар үшін фуршет ұйымдастыру. Өткізілетін күні - 2009 жылғы 25 қыркүйек	ЕурАзЭҚ ИК-нің Хатшылығы, Қазақстан Республикасының	2009 жылға арналған 006 "Өкілдік шығындар" республикалық	

ЕурАзЭҚ
жанындағы тұрақты
өкілі

бюджеттік
бағдарламасы

2009 жылғы 21

